

САЛАДАҒЫ ЭКОНОМИКА

Тексерген:

Салихова Т.С.

Орындағандар:

Жәли Қ, Салыбеков А, Қаламбаев А.

Пән және курс міндеттері

- Ұлттық шаруашылық жүйесіндегі энергетика.
- Қазақстанның энергетикалық шаруашылықтары.
- Қазақстан ұлттық шаруашылық салаларын энергиямен жабдықтаудың мәні мен ерекшеліктері.

Бөлім бойынша жалпы мағұлмат

Сала бойынша өнеркәсіптік өндіріс экономикасы осы саладағы экономикалық заңдардың пайда болуының нақты формаларын, шаруашылық жүргізу механизмін, өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын көтеру жағдайлары мен факторларын қарастырады.

Сала бойынша өнеркәсіптік өндіріс экономикасы барлық экономикалық пәндердің теориялық негізі—экономикалық теория пәні мен ауыл шаруашылығы экономикасы курсымен, осы мәселелер кәсіпорын деңгейінде қарастырылатын өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау мен басқару пәнімен және аталмыш саладағы өндіріс процесін зерттейтін техникалық пәндермен тығыз байланысты.

Жалпы экономика заңдарын басшылыққа ала отырып, саладағы өнеркәсіптің өндіріс экономикасы нақты жағдайлардағы олардың қызметтерінің айрықша екендігін ашып көрсетеді, шаруашылық тәжірибедегі пайдалану әдістерін жасайды. Саланың өнеркәсіптік кәсіпорындарда экономиканың заңдар жүйесі жұмыс істейді. Ол заңдар: құн заңы, еңбек өнімділігінің өсу заңы, кеңейтілген қайта өсу заңы, жинақталу заңы.

Ұлттық шаруашылық жүйесіндегі энергетика

Гелиоэнергетика

Солнечные батареи, гелиоконденсаторы

Ветроэнергетика

Ветряные двигатели

Биоэнергетика

Биогаз, жидкое биотопливо, мусоросжигающие
установки

ұлттық шаруашылықтарының

сыртқы сауда
жұмыс күшінің

экономикалық

Қазақстандағы балама энергия көздері: жел энергиясы

Техникалық, физикалық, аэродинамикалық аспектілерді қозғап, мәселені күрделендірмей-ақ қояйық. Қарапайым тілмен айтқанда балама энергия көздері бізге электр қуатын не болмаса энергияның басқа түрін (механикалық, жылулық) алу үшін қажет. Жел энергиясын арнайы электр генераторлардың, диірмендердің көмегімен түрлендіру арқылы осындай қуат түрін алуға болады.



Жел энергиясы Қазақстанда

Қазақстанның жел энергетикасын дамыту әлеуеті өте жоғары. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасының ұсынған мәліметтеріне жүгінсек, еліміздің потенциалы мыңдаған МВт немесе жылына 1 триллион кВт-сағ көлемінде — бұл дүние жүзі бойынша үздік көрсеткіштердің бірі.

Қазақстанда өте қолайлы жел дәліздері бар: жел бір бағытта соғатын аймақтар (Ерейментау, Жүзімдік) және қарама-қарсы бағыттарда алмасып отыратын аймақтар (Жоңғар қақпасы, Шелек, Қордай).

Төмендегі кестеде Қазақстанның жел энергетикасы үшін ең қолайлы жерлерінің сипаттамалық көрсеткіштері келтірілген:

	Аумағы, шаршы км	Беліленген қуаты, МВт, 10 МВт/1 ш.кв есебінен	Құны, млрд \$, 1 млн \$/МВт есебінен	Тиімді жұмысы, сағ/ жыл	Әлеуетті генерациясы, кВт*сағ/жыл
Жоңғар қақпасы	800	8000	8	5500	44
Шелек	2000	20000	20	2500	50
Ерейментау	62500	625000	625	3300	2062
Қордай	200	2000	2	2500	5
Жүзімдік	400	4000	4	3000	12

Биоэнергетикасы

Энергетиканың бұл саласы энергияны, отынды және басқа материалдарды биологиялық шикізат негізінде өндіруге арналған. Биологиялық шикізат немесе биомасса дәнді-дақылдар, техникалық, майлы дақылдарды, өсімдік шаруашылығының, мал шаруашылығының, балық өнеркәсібінің қалдықтары, өнеркәсіп және адам тіршілігінің органикалық қалдықтары болуы мүмкін. Қол жетімді шикізаттың мұндай алуан түрлілігі отын (биодизель, биоэтанол), электр энергиясы мен жылу (биогазды жағу есебінен) және басқа да материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді



Ауылшаруашылық өндірісінің қалдықтарын өндеудің әлеуеті Қазақстанда жылына 35 млрд. кВт. сағ және 44 Гкал. жылу энергиясы болып бағаланады

Қазақстандағы биоэнергетика әлеуеті

Қазақстанда орман 10 млн. га-дан аса алқапты алуда, бұл елдің жалпы аумағының 4 % құрайды, соның ішінде 4700 мың га-да сексеуіл өседі. 1990 жылы елімізде ағаш дайындау көлемі жылына шамамен 3 млн. м³ құрады. Ағаш өңдеу кәсіпорындарында ағаш кесетін жер мен ағаш өңдеуде ағаш сүрегі қалдықтарының көлемі, сондай-ақ, отын ретінде пайдаланылатын ағаш сүрегі 1,3 млн. м³ немесе 1 млн. тонна құрады. Сөйтіп, ағаш қалдықтарының энергетикалық әлеуеті 200 мыңнан аса м.э.т. құрайды.

Дәнді-дақылдар сабаны Қазақстан Республикасында ең маңызды жаңаланатын энергетикалық ресурс болып табылады. 1990 жылы сабанды шығару 37 млн. тонна құрады. Осы көлемнің 20 пайызы энергетикалық мақсатта пайдаланылатынын ескерсек, онда энергия өндірімі 87 ГВт аса құрайды.

Энергетикалық мақсаттар үшін биомассаны пайдалану жөніндегі болашақ жобалар сабанмен байланысты. Солтүстік Қазақстанда биоэтанолды өндіру талқылау сатысында. Технология бидайды пайдаланады (Agri Market, 2006).



Қазақстанның биомасса қорлары

Өзге әлеуеттік бағыт биогазды пайдалану болып табылады, ол фермалар мен құс фабрикаларының қалдықтарынан ауылшаруашылық кәсіпорындарында өзіндік қажеттілік үшін өндіріледі.

Қазақстанда едәуір мал басы мен құс бар. Қара мал қалдықтарынан метанды өндіру әлеуеті 85 мың тоннадан аса немесе 52 мыңнан аса м.э.т. құрайды.

Коммуналдық шарушылықтың ақаба суларын өңдеуден метанды өндіру әлеуеті шамамен 3 мың тонна немесе 1 800 м.э.т. құрайды.

Қазақстанның энергетикалық шаруашылықтары.

Республикамыздағы негізгі энергетикалық шаруашылықта үлкен орын алатын отын-энергетикалық балансы (ОЭБ). Және республиканың табиғи энергетикалық ресурстармен жеткілікті қамтамасыз етілгенін көрсетеді, олардың негізгі бөлігі (84,2%) өз елімізде өндіру есебінен қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның дәстүрлі энергетикасы келесі екі сектор арқылы танымал: жылу энергетика – 90%, гидроэнергетика – 9% [1]. Жылу энергетикасы – энергетиканы қабылдау, пайдалану және түрлендіру саласы [2]. Жылу энергетика саласын стратегиялық маңызды сала екенін ескерсек, яғни оның тиімді жұмысының орнықтылығы елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына әсер етеді. Қазақстан Республикасында жылу энергиясы 42 ірі орталықтан жылумен қамтамасыз ету жүйесімен, ал қалған жылу көлемі 30 ірі аудандық қазандықтар арқылы өндіріледі. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жылыту мерзімінің ұзақтығы шамамен жылына 3500-4000 сағатты құрайды, сыртқы ауаның орташа температурасы -2°C . Ал солтүстік өңірлерде сыртқы ауаның орташа температурасы -8°C , жылыту мерзімінің ұзақтығы шамамен жылына 5000 сағаттан асады.

Қазақстанда ЖЭО арқылы жылуфикацияның орталықтандырылған жүйесі және аудандық, кварталдық қазандықтар, сонымен қатар жергілікті үй қазандықтары мен пештері арқылы орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету кең тараған.

Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметі бойынша жылумен қамтамасыз ету қажеттілігіне (жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету) 80 млн. Гкал жылу энергиясы шығындалады. 60%-дан аса жылу ірі қалаларда және қала типтес елді-мекендердегі қоғамдық орталық тұрғын ғимараттарында және өндірістік кәсіпорындарда тұтынылады. Шамамен 30% жылу энергиясы қуаты 100 Гкал/сағ-тан кем емес шағын қазандықтармен өндіріледі.

Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы құрылымында жылу тораптары орталықтан жылумен қамтамасыз ету жүйесінің басты элементтері болып табылады. Қалалардағы магистралды және қосымша жылу тораптарының қанағаттанарлықсыз күйінің салдарынан жылу энергиясын тасымалдау кезінде жылу энергиясының жоғалуы көптеп кездеседі.

Қазақстандағы бар жылу тораптарыныңдағы жылу энергиясының көптеп жоғалуына (әр түрлі бағалаулар бойынша 15%-дан 30%-ға дейін) бірнеше факторлар әсер етеді. Оларға мыналар жатады:

ірі өнеркәсіп тұтынушыларының жоғалу салдарынан жылу тұтыну көлемінің азаюы;

жылу тораптарының төмен өткізу қабілеті;

жылумен қамтамасыз ету аумағындағы аз меншікті жылу жүктемесі;

желі төсемдеріне ескірген технологияны қолдану;

ғимараттың тиімсіз жылу қорғанысы (термооқшаулау);

коммерциялық есепке алу позициясына:

аудан бірлігіндегі жылу шығымын есептеу мен бақылау жасаудың тиімді әдісінің жоқтығы;

аудан бірлігіндегі жылытуға жалпы қалалық нормативті қолдану, үйдің кіре берісі мен қабат санын, ғимараттың әр түрлі жылу сақтау мүмкіндігін ескермеу.

Жоғарыда аталғандарға толықтыру ретінде, жылумен қамтамасыз ету үрдісін есепке ала отырып, келесі проблемаларды атап көрсетуге болады:

жылуды өндіру мен тасымалдауда шығынды азайтуды жақсартуға мүмкіндік беретін, жылумен қамтамасыз ету саласында инвестиция тартуды арттыратын тиімді тарифтік саясаттың жоқтығы;

жылуды үнемдеу туралы бар технологиялармен халықтың хабарсыз болу жайттары;

жылуды үнемдеу саясатына қатысты заңнамалық регламенттердің, жылу энергиясын тұтыну көлеміне автоматты реттеу механизмдерін енгізу келісімшарттарының жоқтығы;

жылумен қамтамасыз етуде энергия аудиті және энергия менеджменті механизмдерін қолданудың толық қамтылмауы;

альтернативті энергия көздерінен жылу алуға және қолда бар негізгі қорларға реконструкция жасауға ынталандырудың жоқтығы.

Болашақ Қазақстанның энергетикалық шаруашылығы

Ұлттық экономиканың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымындағы маңызды сала әрі өнеркәсіптің басқа салаларын дамытудың басты базасы – бұл Энергетика. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы жолдауында: «Біз энергетиканың дәстүрлі түрлерін дамытатын боламыз. Жылу-электр стансаларынан шығатын қалдықтарды тазарту жөніндегі ізденістер мен жаңалықтарға, өндіріс пен тұрмыста жаңа технологиялар арқылы жаппай электр қуатын барлық жерде үнемдеуге қолдау көрсету қажет. Таяуда Еуроодақтың ірі компанияларының алғашқы ондығы Еуроодақтың әйгілі жасыл экономика тұжырымдамасы негізінде қабылданған энергетикалық стратегиясына қарсылығын жариялады. Еуроодақ оны жүзеге асырған төрт жылда 51 гигаватт энергия қуатын жоғалтты. Жасыл экономика бағдарламасымен жұмыс жүргізе отырып, біз осы қателікті ескеруіміз керек» – дейді.



Қазақстан Республикасының электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламасы тұжырымдамалық сипатқа ие және Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары мен Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыратын стратегияның негіз құраушы бөлігінің бірі ретінде әзірленеді. Электр энергетикасы базалық салалардың бірі бола отырып, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік саласында маңызды рөл атқарады. Сондықтан, электр энергетикасы Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының бірі ретінде айқындалып, жаңа тиімділігі жоғары технологиялар мен елдің жалпы ішкі өніміндегі (ЖІӨ) энергия қажеттілігін тұрақты төмендету базасында электр энергетикасының орнықты дамуы кезінде «энергетика - экономика - табиғат - қоғам» серпінді теңдестірілген жүйе ретінде қарастырылады. Жалпы, елдің әлеуметтік ахуалының жақсаруы, экономикасының дамуы тікелей энергетикалық әлеуетімізге тәуелді екеніне ешкімнің күмәні болмауы тиіс. Қазақстанда қазір энергетика өнімнің үштен екісіне жуығы ЖЭС-терде, қалған бөлігі энергиясын СЭС-терде өндіріледі. Қазақстанның батыс аймағында энергетикалық шикізат көзі мұнай мен табиғи газ болғандықтан, сұйық, газ тәрізді және аралас типті отынмен жұмыс істейтін станциялар дамытылған.



Болашақ Қазақстан энергетика шаруашылығы жеңіл әрі таза

- Әлемдік тәжірибеде күн энергиясын пайдалану да тиімді әдістің бірі саналады. Еліміздің табиғи жағдайы күн энергетикасын дамыту үшін аса қолайлы екендігі баяғыда-ақ дәлелденген болатын. Мәселен, оңтүстік өңірлерде жүргізілген зерттеулер қорытындысы күн сағаттарының саны жылына 2200-2300 сағатқа жететіндігін көрсетті. Жалпы, әлемде күн энергиясын электр ретінде қолдануы шынайы жүзеге асуы үшін, ғалымдарға көптеген кедергілерден өту керек болды. Тек қана қазір 100 жылдан астам уақыт өткеннен кейін ғана, күн энергиясын электрлік қолдану мәселесімен айналысатын жаңа ғылым саласы – «гелиоэнергетика» пайда болды. Бүгінгі таңда бұл саладағы жетістіктер өте көп.



3dnews.ru -> novostey.com




Қазақстан ұлттық шаруашылық салаларын энергиямен жабдықтаудың мәні мен ерекшеліктері

- Дүниежүзілік шаруашылықтың экономикалық негізін бір-бірімен тығыз байланысқан ұлттық шаруашылықтар мен салалық құрылымдар құрайтынын білесіздер. Қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымы 4 сектордан тұрады. Аталған секторлардың ұлттық жиынтық өнімдегі арасалмағы кез келген елдің әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін анықтауда маңызды рөл атқарады. Алғашқы екі сектор шаруашылықтың өндірістік саласын құраса, соңғылары өндірістік емес салаға жатады.

- Адамзат [қоғамының](#) Адамзат қоғамының даму тарихында шаруашылық салаларының үлесі ұдайы өзгеріп отырды. [Индустриялануға](#) Адамзат қоғамының даму тарихында шаруашылық салаларының үлесі ұдайы өзгеріп отырды. Индустриялануға дейінгі кезеңде ұзақ, уақыт бойы экономикадағы жетекші сала болған 1-сектордың үлесі дүниежүзі бойынша жыл сайын қысқарып келеді. Жоғары дамыған елдерде бастапқы сектор үлесі 2—3% ғана, бұл ұлттық жиынтық өнім көлемінің үлкендігімен түсіндіріледі. Дүниежүзі бойынша бұл саланың өнімі жөнінен ірі елдер

- [\(АҚШ\)](#) Адамзат қоғамының даму тарихында шаруашылық салаларының үлесі ұдайы өзгеріп отырды. Индустриялануға дейінгі кезеңде ұзақ, уақыт бойы экономикадағы жетекші сала болған 1-сектордың үлесі дүниежүзі бойынша жыл сайын қысқарып келеді. Жоғары дамыған елдерде бастапқы сектор үлесі 2—3% ғана, бұл ұлттық жиынтық өнім көлемінің үлкендігімен түсіндіріледі. Дүниежүзі бойынша бұл саладың өнімі



Ұлттық Шаруашылық



Халықтық(ұлттық) шаруашылық

ҚҰРЫЛЫМЫ

Халық Шаруашылық Құрылымы — белгілі бір аумақтық шекарада тарихи тұрғыда қалыптасқан қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесі. “Халық шаруашылық құрылымы” термині “[ел экономикасы](#) — белгілі бір аумақтық шекарада тарихи тұрғыда қалыптасқан қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесі. “Халық шаруашылық құрылымы” термині “ел экономикасы” (“[ұлттық экономика](#) — белгілі бір аумақтық шекарада тарихи тұрғыда қалыптасқан қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесі. “Халық шаруашылық құрылымы” термині “ел экономикасы” (“ұлттық экономика”) терминдерінің баламасы ([синонимі](#)) ретінде де қолданылады. Халық шаруашылық құрылымының кең мағынадағы түсінігі қоғамдық өндірістің барлық салалары мен нысандарын қамтиды. Халық шаруашылық құрылымының бастаушы ұясы — өнім өндіретін, қызмет көрсететін немесе өзге де атқарымдарды орындайтын кәсіпорын (ұйым, мекеме). Өндіріс жетекші орын алады, бірақ Халық шаруашылық құрылымының мазмұны тек қана өндіріспен сарқылмайды, өндірісте тек материалдық игіліктердің күрделі ауыспалы айналымы ғана басталады. Өндірістен кейін қоғамдық еңбек жүйесіне кіретін осы материалдық игіліктер айналысының (айырбасының), оларды бөлудің және қайта бөлудің, тұтынудың көп жақты үдерістері жүреді. Халықтың материалдық игіліктерді (қызмет көрсетуді де) тұтынуы олардың Халық шаруашылық құрылымында ауыспалы айналымын жаңарту үшін негіз болады, өйткені тұтыну

жұмыс күшін ұдайы қалпына келтірудің құралы болып табылады.

Ұлттық шаруашылық саласының алатын орны ерекше

Шаруашылықтың құрамы мен құрылымы. Қоғам экономикалық іс-әрекетсіз өмір сүре алмайды. Оның әр алуан түрлері елдің экономикасын (шаруашылығын) құрайды. Бұл жерде адамдар (жұмыс күші) өндіріс құралдарымен байланысқа түседі. Еңбек құралы (адам немен жұмыс істейді) және еңбек өнімі (нені өңдейді). Осындай байланыс нәтижесінде - азық-түлік, өнер-кәсіп тауарлары, әр түрлі қызмет ету түрлері пайда болады.

Сонымен, шаруашылық дегеніміз - халықты тіршілік ету көзімен қамтамасыз ету.

Жоспарлы, нарықтық және аралас экономика

Біздің еліміз жоспарлы экономикадан нарыққа ауысканын білесіңдер. Нарықтық экономика жеке меншікке, таңдау еркіндігі мен бәсекеге негізделген. Ондағы сауда заты болып тауар, қызмет керсету, кәсіпорындар, жер мен адамдар еңбегі саналады. Кәсіпкерлер өндіріс үшін пайдалы тауарлар мен қызмет түрлерін таңдап, оған ең алдыңғы қатарлы технологияны қолданады. Ол нарықтық экономикаға қозғалыс беріп, жылдам қайта құрылу қабілетін арттырады. Дегенмен, оның өз кемшіліктері де бар. Олардың негізгісі - ырғақтылық, яғни өндірістің қарқындау және халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу кезеңі өндірістің құлдырауы және жұмыссыздықпен алмасып келіп отырады. Одан басқа заңмен шектелмейтін нарық құбылысы адамдардың тұрмыс-жағдайы мен қоршаған орта жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін. Сондықтан барлық елдердің экономикалық өмірін мемлекет реттеп отырады. Оның қол астында мемлекет бюджеті және қорғаныс, азаматтардың қауіпсіздігі, білім беру, денсаулық сақтау сияқты салалармен қатар, көп жағдайда ірі компаниялар да болады. Олардың барлығы экономиканың мемлекеттік секторын құрайды. Біздің еліміздің мемлекеттік секторының құрамында 25 мыңдай мекемелер мен кәсіпорындар бар. Онда жұмыс күшінің 1/4 бөлігі жұмылдырылып, ұлттық кірістің 15%-ы жасалады. Бұл - дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттер сияқты, Қазақстанның экономикасының да аралас екендігін көрсетеді. Бірақ ол нарық заңдары бойынша жұмыс істейді. Мемлекет еркін бәсекелестікті қолдай, халыққа әлеуметтік жағынан қолдау көрсетеді, аумақтар мен жекелеген өндірістердің даму бағдарламасын жасайды. Шаруашылықтың ерекше секторын көлеңкелі (бақылаусыз) экономика құрайды. Ол фирмалар мен азаматтардың заңды бұзып, салық төлеуден жалтарған және тыйым салынған қызмет түрлерімен айналысқан кезде пайда болады. Ол Қазақстан экономикасының 20%-ға дейінгі бөлігін құрайды. Көлеңкелі экономика мемлекет пен қоғамға үлкен зиянын тигізеді.

Қазақстан шаруашылығы: кәсіпорындар - салалар - салааралық кешендер

Қазақстан шаруашылығы - бұл өте кең ұғым. Оны үш деңгейге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші деңгей - кәсіпорындар мен мекемелер. Бұлар — экономикалық «құрылыстың» өзіндік «кірпіштері» болып табылады. Олардың саны қазір 200 мыңнан асты. Кәсіпорындарға - фабрикалар, зауыттар, шахталар, электр стансалары, шаруа қожалықтары жатады. Ал мекемелер - бұлар оқу орындары, ауруханалар, дүкендер, театрлар. Нарықтық экономикада меншік түрлері және кәсіпорындарды ұйымдастыру өзінше сипат алады. Қазақстанда жеке меншік пен мемлекеттік кәсіпорындармен қатар, аралас (жекеше-мемлекеттік және шетелдік фирмалармен біріккен), шетелдік кәсіпорындар да жұмыс істейді.

- Ауыл шаруашылығына, мысалы, мәдени өсімдіктер өсірумен, мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар жатады. Ал өндіріс құралдары мен (отын, металл, машиналар) тұтыну тауарларының негізгі бөлігін өндіретін барлық кәсіпорындар өнеркәсіпті құрайды. Сол сияқты, білім беру - оқу орындарының, ал денсаулық сақтау — медициналық мекемелердің жиынтығы болып саналады.

Шаруашылық салалары салааралық өндірістік кешендерді құрайды. Бұл елдің экономикасының үшінші деңгейі.

Сонымен, салааралық өндірістік кешен дегеніміз - бір-бірімен тығыз байланысқан және ортақ ақырғы өндіріс нәтижесі бар салалардың үйлесімі.

Өндірістік сала немесе материалдық өндіріс саласы материалдық игіліктерді (азық-түлік, энергия, металл, машина, үй) жасайтын барлық қызмет түрлерін қамтиды. Өндірістік емес сала әр түрлі қызмет көрсетумен айналысады.

Олардың біреулері - халыққа, екіншілері - кәсіпорындар мен мекемелерге, ал үшіншілері екеуіне де қызмет көрсетумен шұғылданады.

Материалдық емес өндіріс мекемелері ірі және тез дамып келе жатқан қызмет саласы, ол министрлер қызметінен (елді басқару) шаштараз бен даяшының қызметтеріне дейінгі түрлерді қамтиды.

Сонымен осы жайттарды ескере отырып еліміздегі шаруашылық салаларын энергиямен қамтамасыз етудің мәнінің өте жоғары екенін түсінуге болады. Өйткені жоғарыда атап кеткеніміздей шаруашылық саласыз ел экономикасының, халықтық күн көріс қамының алға баспайтының ұғуға болады. Және ерекшеліктері үлкен рөл атқарады.

Назарларыңызға рахмет